

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКА САЛАЛАРЫ МЕН АЙМАҚТАРЫНЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛЕМНІҢ
БӘСЕКЕҚАБІЛЕТТІ 30 ЕЛДЕР ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ РЕГИОНОВ
И ОТРАСЛЕЙ В СВЕТЕ ВХОЖДЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
В ЧИСЛО 30-ТИ КОНКУРЕНТОСПОСОБНЫХ СТРАН МИРА
PROBLEMS OF ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE REGIONS
AND SECTORS IN THE VIEW OF ENTERING THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN INTO 30 COMPETITIVE COUNTRIES**

ӨЖ 338.436

Б.С. Есенгельдин¹, Л. Тылл², А.А. Абаев¹

¹Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;

²Экономиканың жоғарғы мектебі, Прага, Чех Республикасы
(E-mail: yessen_baur@inbox.ru)

**Ауылдық аймақтардың дамуына әсер ететін
факторлардың ерекшеліктері**

Авторлар ауылдық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты ортақ белгілерді қарастырды. Қазақстан Республикасының аймақтардың кең байтақ ресурстық әлеуеті бар, сондықтан оларды неғұрлым тиімді және ұтымды пайдалана отырып, олардың тұрақты дамуын, толық жұмыспен қамту, сондай-ақ ауыл тұрғындарының жоғары өмір сапасы мен деңгейіне қолжеткізуге болады. Ауылдық аймақтардың дамуына әсер ететін әр түрлі факторлар арасындағы себеп-салдарлық байланыстар зерттелген. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін мемлекеттік реттеудің басты мақсаттары тұрғысынан ауылдық аймақтардың дамуына әсер ететін факторлар анықталған. Авторлардың ойынша, аумақтардың ғылыми-техникалық және инновациялық әлеуеті, тиісті инновациялық инфрақұрылымы, инновациялық мәдениетін құру маңызды орынға ие. Мақалада инновациялық және экологиялық, экономикалық, демографиялық, әлеуметтік факторларды есепке ала отырып, ауылдық аймақтардың одан әрі қарай дамуының шаралары белгіленген.

Кілт сөздер: ауылдық аймақтар, факторлар, әлеуметтік-экономикалық даму, демография, экология.

Ауылдық аймақтардың тұрақты дамуына жағдай жасау — мемлекеттік саясаттың аса маңызды стратегиялық мақсаттарының бірі, оған қолжеткізу азық-түлік қауіпсіздігіне, қазақстандық аграрлық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді.

Кейінгі кездері ауыл шаруашылығының әлеуметтік және экономикалық дамуына бағытталған әр түрлі мемлекеттік және аймақтық мақсатты бағдарламалар жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта көптеген ауылдық аймақтар дағдарыс жағдайында, ол демографиялық жағдайдың нашарлауынан, ауылдық тұрғындардың өмір сүру деңгейінің және сапасының төмендігінен, жұмыссыздықтың жоғары деңгейінен, табиғи ресурстарды тиімсіз пайдаланудан көрініс табууда. Осыдан ауылдық аймақтардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Заманауи жағдайларда тұрақты даму түсінігі ғылымның әр саласында өзіндік кескінін тапты, ал ауылдық аймақтар көпқырлы жүйе бола отырып, тек аймақтың ғана емес, тұтас мемлекеттің дамуына айтарлықтай ықпал етеді. Қазақстан Республикасында ауылдық аймақтар үлкен ресурстық әлеуетке

ие. Сондықтан оны тиімді және ұтымды пайдалану тұрақты дамуды, толық жұмыспен қамтылуды, сондай-ақ ауылдық тұрғындардың жоғары және сапалы өмір сүру деңгейін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңына сәйкес, ауылдық аумақтар дегеніміз — ауылдық елді мекендер мен оларға іргелес жатқан жерлердің жиынтығы [1]. Бұл аталған Заң ауылдық аймақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамытуға, ауыл халқын қолайлы тұрмыс жағдайларымен қамтамасыз етуге бағытталған.

Статистикалық мәліметтерге келсек, Қазақстан Республикасы аумағында 6693 ауылдар бар және онда 7,6 млн тұрғын өмір сүруде [2]. Бірақ ауылдық аймақтардың көпқырлы сипаттамасына қарамастан, оның дамуына мемлекетте жеткілікті мән берілмей келеді. Осының салдарынан ауылдық тұрғындардың өзіндік әлеуметтік-экономикалық жағдайы қалалықтарға қарағанда төмен.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, экономика дамуы деңгейі мен халықтың өмір сүру сапасынан ауылдық аймақтардың жағдайын білуге болады. Бұл ауылдық тұрғындарды қамтамасыз етпей, жүйелі түрде дамуға және болашаққа сенімді түрде қадам басу мүмкін емес. Көптеген елдердің үкіметі ауылды сақтап қалу үшін, ауылдың өмірін және салт-дәстүрін дәріптеуде тиімді механизмдерді дайындау үшін талпынады. Осы мақсатқа жету барысында ауылдық аймақтарды дамытудың әлеуметтік-экономикалық даму саясатын жетілдіру тұрақты қарастырылуда. Әрине, бұл жағдай басқару жүйесінің өзгеруіне, тиісті бағдарламаларды орындаудағы шығындарды арттыруға септігін тигізеді. Басқа да көптеген салалар сияқты бұл салада алдыңғы орынды АҚШ мемлекеті, Еуразиялық одақ мемлекеттері, Жапония және басқа да мемлекеттер иеленеді.

Экономикалық реформаларды ауылдық аймақтардың дамуына қарқын беретін аграрлық сектордан бастаған жөн. Экономика салаларын тұрақтандыру немесе оңтайландыру тез арада қоғамдағы жиі кездесетін маңызды мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі мен бюджеттің барлық деңгейлеріндегі кіріс көздері өседі, жұмысбастылық пен ауыл халқының табысы ұлғаяды, ауылдың инфрақұрылымы көп өзгерістерге ұшырайды және әлеуметтік шиеленісушілік азаяды. Ауылдағы артық жұмыс күші уақыт өткен сайын қалаға көшеді, сонымен қатар экономиканың басқа салаларына және өнеркәсіпке орныға отырып, мемлекеттің дамуына мүмкіншілік етеді.

Ауыл шаруашылығын бірінші кезекте дамытудың маңызды себебі, азық-түлік қауіпсіздігін сақтаудағы шешілмеген мәселелер қоғамда әлеуметтік, саяси және басқа да мемлекет үшін қауіпті тәуекелдердің күшеюіне септігін тигізеді. Егер жоғарыда айтылған мәселелер шешілсе, онда экономика саласындағы ғана емес, саяси салада да реформаларды жүзеге асыру жеңіл өтеді.

Егерде аграрлық сектор инновациялық даму жолына өтсе, сонда ғана ауыл шаруашылығының экономика секторына нақты белсенділігі байқалады. Бұндай жағдайда экономиканың іргелес секторларының сұранымдарын қанағаттандыру үшін бәсекеге қабілеттілікті жетілдіру қажет болып отырады.

Іс жүзінде ауылдық аймақтардың дамуына қатысты әрбір зерттеулерде авторлар берілген үрдіске байланысты факторларды қарастырады. Сондықтан ауылдық аймақтардың дамуына әсер ететін факторлардың жіктелуі мен олардың түрлерін анықтау жолдары сан алуан түрлі. Олардың біраз түрлері объективті және субъективті, ішкі және сыртқы, қатты және әлсіз және тағы басқа болып бөлінеді. Осындай зерттеулердің әрбіреуі арнайы ғылыми және тәжірибелік маңыздылыққа ие бола отырып, сол арқылы зерттеушілердің назарына ілігеді. Ауыл аймақтарының дамуына байланысты шаралар аталған факторлар және тиісті бағдарламалар аясында жүзеге асырылады. Бұл шаралардың тиімділігі көп жағдайда аталған факторлардың нақты дәлелденуімен байланысады (1-кесте).

1 - кесте

Ауылдық аймақтардың дамуы мен ахуалын сипаттайтын факторлар

Р/с №	Авторлар	Мемлекет	Факторлар түрлері
1	2	3	4
1	Мищенко И.В.	Ресей Федерациясы	1. Сыртқы 1.1 Жалпы мемлекеттік 1.2 Аймақтық 2. Ішкі
2	Бондаренко Л.В.	Ресей Федерациясы	1. Табиғи 2. Экономикалық 3. Әлеуметтік 4. Демографиялық

1	2	3	4
3	Греков А.Н.	Ресей Федерациясы	1. Географиялық 2. Демографиялық 3. Шаруашылық 4. Инфрақұрылымдық
4	Дронова М.В.	Ресей Федерациясы	1. Институционалдық 2. Экономикалық 3. Әлеуметтік 4. Экологиялық
5	Островский Н.В.	Ресей Федерациясы	1. Экономикалық 2. Әлеуметтік 3. Экологиялық
6	Хлабса Т.	Чехия	1. Демографиялық 2. Экономикалық-өндірістік 3. Әлеуметтік 4. Инфрақұрылымдық
7	Страка А., Тузова М.	Чехия	1. Экономикалық 2. Әлеуметтік 3. Демографиялық 4. Жергілікті
8	Вайшар А., Заплеталова Дж.	Чехия	1. Демографиялық 2. Экономикалық 3. Әлеуметтік
9	Мантино Ф.	Италия	1. Экономикалық 2. Әлеуметтік 3. Қоршаған орта 4. Мәдени орта

Ескерту. Авторлардың [3–11] қолдауымен құрастырылған.

1-кестедегі мәліметтер көрсетіп отырғандай, көптеген авторлар нақты белгілерді негізге ала отырып, факторларды жіктеуде олардың аралас үлгідегі түрлеріне тоқталады. Мысалға, И.В. Мищенко аталған факторларды ішкі және сыртқы түрлерге бөле отырып, алғашқысын жалпы мемлекеттік және аймақтық деп жіктейді [3].

Біздің көзқарасымыз бойынша, ұсынылған жіктеменің кемшіліктері жоқ емес. Атап айтқанда, жалпы мемлекеттік факторда бірінші болып «тұрақты аграрлық экономика» келтірілген. Біздің ойымызша, мұндай экономика — белгілі факторлардың ықпалы немесе нәтижесі. Сондықтан «тұрақты аграрлық экономиканы» талқыланып отырған факторларға жатқызған жөн.

Негізінен, ауылды дамытудың басты мақсаттарының бірі — тұрғындардың өмір сүру деңгейін арттыру. Осыны ескере отырып, ауылды дамытудың мәселелерін зерттей келе, ресейлік автор Л.В. Бондаренко ауылдағы кедейшілікті туғызатын факторларға назар аударады. Олардың қатарына: табиғи, экономикалық, әлеуметтік және демографиялық факторларды жатқызамыз [4].

Бұл жіктеменің ерекшелігі ғылыми және тәжірибиелік қызығушылықты тудырады, себебі оның негізіне ауылдың әлеуметтік саласын жыл сайынғы бақылау жүргізу негізі жатады. Оның үстіне, бізге ұсынылып отырғандай, ол сәтті әдістердің қатарына жытқызылады. Себебі автор ауылдық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын басқару сапасымен байланыстыра отырып түсіндіреді. Нәтижесінде автордың зерттемесіне сүйенсек, экономикалық факторлар қатарына қисынды түрде орта және шағын кәсіпкерлікті дамытудағы жағдайдың жоқтығын және халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің әлсіздігін жатқызады.

Әлеуметтік факторлардың қатарына автор қазіргі заманғы талаптарға сай келмейтін біліктілікті және ересек жұмыс күшінің құрылымының өзгеруі барысында нарықтық менталитеттің баяу қалыптасуын жатқызады.

Аталған автордың қарастыратын факторларының түрлері мен жіктелуінің тағы бір ерекшелігі, бұл жерде әлеуметтік сипаттағы мәселелерге көп көңіл бөлінеді. Ең маңызды факторлар қатарына: ауылдың демографиялық жағдайы (халық саны мен жас-жыныстық құрылымы, денсаулығы, ауыл тұрғындарының табиғи және механикалық қозғалысы), ауылдық жерлердегі еңбек нарығы (ауыл тұрғындарының экономикалық белсенділігі мен жұмыспен қамтылуы, жұмыссыздық және т. б.),

материалдық әл-ауқаты (еңбек ақы, кірістер құрылымы және оларды саралау, азық-түлік өнімдерін тұтыну және үй шаруашылығын ұзақ уақыт мерзімде пайдаланылатын тауарлармен қамтамасыз ету, кедейшілік деңгейін талдау және т.б.), әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым және т.б. жатқызылады.

А.Н. Грековтың көзқарасы бойынша, ауылдық аймақтардың жағдайын сипаттайтын факторлардың қатарына әлеуметтік, демографиялық, шаруашылық және инфрақұрылымдық факторларды жатқызуға болады [5].

Географиялық факторлар — ауылдық аймақтың көлемі, орналасқан жері (ірі қалалар, өнеркәсіп орталықтары, көлік қатынастарының жол тораптарына жақындығы), табиғи ресурстардың болуы және оларды пайдалану мүмкіндігі және т.б.

Демографиялық факторлар — тұратын халықтың саны, олардың жас мөлшері және әлеуметтік жағдайы, ауылдық аймақтардағы адамдарды қоныстандыру нысаны және т.б.

Шаруашылық фактор — адамдардың ауыл аймағында жүзеге асыратын өндірістік және өзге де шаруашылық қызметтегі ортақ мүдделері.

Инфрақұрылымдық фактор — ауылдық аймақта әлеуметтік, инженерлік және көліктік инфрақұрылымның дамыту.

М.В. Дроновның пікірінше, ауылдық аймақтың дамуының негізгі көрсеткіштеріне аталған факторлардың әсер етуінің нақты көрінісі және осы факторлардың жеке түрлері мен олардың барлығының жиынтығының тәжірибелік қорытындыларын іске асыру нәтижесінде анықталады деп қарастырады. Бұл факторлардың бір-бірімен байланысты екендігін, бірінің қозғалысы басқаларына қашанда әсер ететіндігін дәлелдейді [6].

Ауылдық аймақтардың дамуына әсер ететін институционалдық факторлардың қатарына ауылдық аймақтардың тұрақты дамуын басқару жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрылуы; жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіру; аграрлық өндірістің бәсекеге қабілеттілігі; орта және шағын бизнесті дамыту, ауыл экономикасын әртараптандыру; ауылдық жерлерде ақпараттық және өндірістік-өткізу инфрақұрылымның дамуы жатқызылады.

Ауылдық аймақтардың дамуына әсер ететін әлеуметтік факторлардың қатарына ауылдық жерлерде әлеуметтік, инженерлік және мәдени-тұрмыстық инфрақұрылымның дамуы; ауылдық қоғамдастықтағы моральдық-психологиялық ахуалдың тұрақтылығы; еңбек және мансаптық өсу жолдары, қолайлы жалақы ұсыну, жас мамандарды ауылға тарту; өндірістік-өткізу кооперациясын құру барысында халықты жұмыспен қамтуды дамыту, сондай-ақ әртараптандыруды дамыту арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру барысында жаңа мамандықтарды оқыту және т.б.

Экологиялық факторлар қатарына табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жүйесін дамыту; табиғатты қорғау және ландшафтты күту; ұлттық парктерді қалыптастыру, рекреациялық аймақтар және қорғалатын аумақтарға сараптама жасау жатқызылады. Аталған іс-шаралар бойынша аймақтардағы қоршаған ортаны қорғау жұмыстары, санитарлық-қорғау аймақтарын құру бағыттары, табиғи-қорық қорының аумақтарын анықтау жолдары, табиғи-ландшафтты аумақтардың экологиялық балансын қалыптастырудағы қызмет түрлері реттеледі.

Н.В. Островскийдің ұстанымы бойынша, ауылдық аймақтарды дамыту факторларын бөлу және жіктеу келесі сараптама негізінде ұсынылады, яғни, муниципалдық білім тұрақтылығы бірқатар экономикалық, әлеуметтік және экологиялық факторлармен анықталады деп атап өтті.

Бұл ретте экономикалық факторлардың қатарына ол шикізаттың сыртқы көздерін, энергияны, жұмыс күшін, өнімді тұтынушылар мен қалдықтарды пайдаланушыларды жатқызады.

Әлеуметтік факторлардың қатарына халықтың нақты табысы, өмір сүру ұзақтығы, өмірге келген адамдардың саны, қайтыс болған адамдар санының көрсеткіштері, халықтың денсаулығының негізгі көрсеткіштері, халықты жұмыспен қамту, тұрғындардың экологиялық мәселелерді түсінуі жатады [7].

Бұл автордың пікірі бойынша, егерде муниципалдық білім берудің сыртқы факторларға тәуелділігі неғұрлым төмен болса, солғұрлым жақсы болады деп қарастырады. Сонымен қатар әлеуметтік сипаттағы бірқатар факторлар жиынтығы сыртқы факторларға тәуелді. Өмір сүру ұзақтығы, өмірге келген адамдардың саны, қайтыс болған адамдар санының көрсеткіштері және басқа да факторлардың жиынтығы ауылдың дамуында айтарлықтай роль алмайтындығы және кедергі болмайтындығы қоғамға мәлім. Аталған факторлар көп жағдайда ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуының факторларынан гөрі өзгерістері болып табылады.

Т. Хлабсаның айтуынша, Чехия мемлекетіндегі аймақтарда, еуропалық елдердің көпшілігінде ауылдық аудандарда демографиялық, әлеуметтік-экономикалық, сондай-ақ инфрақұрылымдық факторлардың арасында айтарлықтай айырмашылық барын көрсетті. Бұл мақалада аймақтарды дамыту және ауыл шаруашылығы аясында ауылдық аудандардың көрсеткіштерін талдау нәтижесінде әдістемелік салыстыру тәсілі қарастырылады. Бұл әдістемелік тәсіл көпмөлшерлі статистикалық талдау барысында көрсеткіштерді қолдану бойынша жүзеге асырылады [8].

Чехия ғалымдары А. Страка, М. Тузова ауылдық аудандарды бағалау үшін экономикалық, әлеуметтік, мәдени немесе қоршаған орта сияқты әр түрлі белгілерді қолданды. Олардың зерттеулеріндегі басты мақсат болып Чехияның ауылдық аудандарының дамуына қандай көрсеткіштер және факторлар сай келетінін анықтау болып табылды. Авторлар жан-жақты зерттеу негізінде ең көп қолданылатын 14 көрсеткіш түрлерін талдап, кейін оларды экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және жергілікті факторларға бөліп алды [9].

Чех ғалымдарының екінші тобы, А. Вайшар және Дж. Заплеталованың пікірлері бойынша, ауылдық аймақтардың дамуы белгілі кезеңде демографиялық, экономикалық және әлеуметтік факторларға байланысты екені айқындалды [10].

Мантино Франческо пікірінше, ауылдық аймақтарды дамытудың факторлары болып: экономикалық, әлеуметтік, қоршаған орта және мәдени орта жатқызылды. Нәтижесінде олар өзара біріге отырып ауыл шаруашылығына әсер етеді [11].

Осылайша, қарастырылған факторларға қатысты пікірлерді қорыта келе, ғалымдар олардың арасындағы себеп-салдарлық байланыс әрқилы деген шешімге келді. Дегенмен, олардың айтуынша, дәстүрлі болып саналады, егерде «экономикалық жағдай әлеуметтік дамудың алғышартын қалыптастыру барысында кері тәуелділіктің болуы да әбден мүмкін деп қарастырылса; адамдардың өмір сүру жағдайын жақсарту барысында аймақтарда бизнес үшін тартымды жұмыстар атқарылса; әлеуметтік бағыттарды іске асыруға мүмкіндік берілсе».

Ауылдық аймақтарды дамытуға әсер ететін факторларды қарастыра отырып, біз оларды Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аймақтарды дамытуды мемлекеттік реттеудің мақсаттарымен байланыстырып көрелік (2-кесте).

2 - кесте

Ауылдық аймақтарды дамытудың мақсаттары мен факторларының байланысы

Р/с №	Мемлекеттік реттеудің мақсаттары	Әсер ету факторлары
1	Ауылдық аймақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту және ауыл халқын қолайлы тұрмыс жағдайларымен қамтамасыз ету	1.1 Әлеуметтік 1.1.1 Инфрақұрылымдық 1.2 Демографиялық
2	Мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету	2.1 Экономикалық 2.2 Әлеуметтік
3	Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аймақтарды тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамытуды қамтамасыз ету	3.1 Экономикалық 3.2 Әлеуметтік
4	Бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімін және оның қайта өңдеу өнімдерін өндірудің экономикалық жағдайларын жасау	4.1 Экономикалық 4.2 Инновациялық
5	Органикалық өнім өндіруді дамытуды қамтамасыз ету	5.1 Экологиялық 5.2 Инновациялық 5.3 Экономикалық

Ескерту. Авторлармен [1] қолдана отырып құрастырылған.

Кесте қорытындылары көрсетіп отырғандай, ауылдық аймақтарды дамыту мақсаттарына жету үшін әлеуметтік, демографиялық, экономикалық, экологиялық және инновациялық факторларды ескеруіміз керек. Егерде алғашқы төрт фактор дәстүрлі факторларға жататын болса, ал инновациялық фактор қазіргі заман талабына сай келетін фактордың бірі болып келеді. Инновациялық факторды қолдану табиғи-ресурстық әлеуетті орынды пайдаланумен, ауыл шаруашылығына жатпайтын қызмет түрлері және халықты жұмыспен қамту есебінен өндірісті әртараптандырумен, экологиялық қауіпсіз өнім өндірісінде инновацияны және тиімді технологияларды қолданумен байланысты. Анықтаушы белгілерге аймақтың ғылыми-техникалық және инновациялық шамасының жай-күйі, инновациялық инфрақұрылымның болуы, инновациялық мәдениетті қалыптасуы жатқызылады.

Сонымен, ауылдық аймақтарды әлеуметтік, демографиялық, экономикалық, экологиялық және инновациялық факторларды ескере отырып дамыту мынадай шараларды шешуге мүмкіндік береді:

- көлік инфрақұрылымын дамытудағы едәуір артта қалушылықты жою;
- ауыл экономикасын әртараптандыру және ауыл тұрғындарының кіріс көздерінің қалыптасуын кеңейту;
- тұрмыс деңгейі мен тұрмыс сапасын көтеру үшін шаруашылықта бар қолданыстағы ресурстарды жұмылдыру;
- бір-бірімен байланысты «өндіру-өндеу-сату» азық-түлік жүйесін дамыту;
- ауыл шаруашылығында және оның шегінен тыс жерлерде халықтың табысын арттыруға бағытталған жаңа жұмыс орындарын құру және сақтау.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 Заңы (өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып). — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.adilet.zan.kz
- 2 Регионы Казахстана. — Астана: Комитет по статистике, 2016. — 33 с. — [ЭР]. Режим доступа: www.stat.gov.kz
- 3 Мищенко И.В. Основные факторы устойчивого развития сельских территорий // Известия Алтайского госун-та. — 2010. — № 2 (66). — С. 268–271.
- 4 Бондаренко Л.В. Бедность и социально-психологический климат в российской деревне // АПК: экономика, управление. — 2010. — № 11. — С. 49–52.
- 5 Греков А.Н. Механизм устойчивого развития сельских территорий. — Мичуринск, 2014. — 209 с.
- 6 Дронова М.В. Факторы, сдерживающие развитие диверсификации сельской экономики // Инновационное развитие АПК Северного Зауралья. — Тюмень, 2013. — С. 166–168.
- 7 Островский Н.В. Критерий устойчивого развития: муниципальные аспекты. Электронная библиотека «Наука и техника». — [ЭР]. Режим доступа: <http://n-t.ru/tp/ns/kur.htm>
- 8 Hlavsa T. The possibilities of complex assessment of the development and categorization of rural areas. Acta Universitatis Agriculturae et Silviculturae Mendelianae Brunensis, 2010. — Vol. 58 (6). — P. 151–160.
- 9 Straka J., Tuova M. Factors Affecting Development of Rural Areas in the Czech Republic: A Literature Review. 19th International Conference Enterprise and Competitive Environment 2016, ECE 2016, March, 10–11, Brno, Czech Republic. — P. 496–505.
- 10 Vaishar A., Zapletalova J. Sustainable development of rural microregions in the Czech borderland. Moravian Geographical Reports. — Vol. 17 (4). — P. 34–43.
- 11 Mantino Francesco. L'analisi costi-benefici nella programmazione degli investimenti in agricoltura: applicazioni e limiti, Books, National Institute of Agricultural Economics, Italy INEA, Rural Development Policies. — 1993. — No. 202540.

Б.С. Есенгельдин, Л. Тылл, А.А. Абаев

Особенности факторов, влияющих на развитие сельских территорий

Авторами выявлены общие черты социально-экономического развития сельских территорий. В Республике Казахстан сельские территории обладают огромным ресурсным потенциалом, поэтому при более эффективном и рациональном его использовании они могут обеспечить устойчивое развитие, полную занятость, а также высокие качество и уровень жизни сельского населения. В статье рассмотрены причинно-следственные связи между различными факторами, оказывающими влияние на развитие сельских территорий. Определены факторы, которые влияют на развитие сельских территорий с позиций основных целей государственного регулирования агропромышленного комплекса Республики Казахстан. По мнению авторов, определяющее значение имеет состояние научно-технического и инновационного потенциала территории, наличие соответствующей инновационной инфраструктуры, формирование инновационной культуры. В статье определены мероприятия по дальнейшему развитию сельских территорий с учетом социальных, демографических, экономических, экологических и инновационных факторов.

B.S. Yessengeldin, L. Tyll, A.A. Abayev

Features of the factors affecting the development of rural areas

The authors found similarities to the socio-economic development of rural areas. In the Republic of Kazakhstan rural areas have a vast resource potential, so with a more efficient and rational use of it, they can achieve sustainable development, full employment, as well as high quality and standard of living of the rural population. The article describes the causal relationships between the various factors that influence the development of rural areas. The authors identified factors that influence the development of rural areas from the viewpoint of the main objectives of the state regulation of agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan. According to the authors of decisive importance is the state of scientific and technical and innovation potential of the territory, the presence of an appropriate innovation infrastructure, creating an innovation culture. The article defines the measures for further development of the rural area taking into account the social, demographic, economic, environmental and innovation factors.

References

- 1 *On state of development regulation of agriculture and rural districts. Law of the Republic of Kazakhstan*, June, 8, 2005 (with changes and additions), [ER]. Access mode: www.adilet.zan.kz
- 2 *The regions of Kazakhstan*, Astana: Committee on Statistics, 2016, p. 33, [ER]. Access mode: www.stat.gov.kz
- 3 Mishchenko I.V. *News of Altai State University*, 2010, 2 (66), p. 268–271.
- 4 Bondarenko L.V. *AIC: economy, management*, 2010, 11, p. 49–52.
- 5 Grekov A.N. *The mechanism of sustainable development of rural areas*, Michurinsk, 2014, 209 p.
- 6 Dronova M.V. *Innovative development of agro-industrial complex of the Northern Trans-Urals*, Tyumen, 2013, p. 166–168.
- 7 Ostrovsky N.V. *Criteria for sustainable development: the municipal aspects. Digital Library «Science and Technology»*, [ER]. Access mode: <http://n-t.ru/tp/ns/kur.htm>
- 8 Hlavsa T. *Acta Universitatis Agriculturae et Silviculturae Mendelianae Brunensis*, 2010, 58 (6), p. 151–160.
- 9 Strakaa J., Tuova M. *Factors Affecting Development of Rural Areas in the Czech Republic: A Literature Review*, 19th International Conference Enterprise and Competitive Environment 2016, ECE 2016, March, 10–11, 2016, Brno, Czech Republic, p. 496–505.
- 10 Vaishar A., Zapletalova J. *Moravian Geographical Reports*, 17 (4), p. 34–43.
- 11 Mantino Francesco. *L'analisi costi-benefici nella programmazione degli investimenti in agricoltura: applicazioni e limiti: books*, National Institute of Agricultural Economics, Italy INEA, Rural Development Policies, 1993, No.202540.